

"Адал ұрпақ" ұйымы. Бағдарлама

Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Тәрбие жұмыстың мақсаты және міндеттері

2. Осы Бағдарламаның мақсаты мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

1) рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;

2) оқушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;

3) оқушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;

4) оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

4. Кешенді іс-шаралар өткізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады:

1) адамгершілік тәрбиелеу моральдық-этикалық қағидаларын қалыптастыруға, әр оқушының сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбиелеу азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуге, сыбайлас-жемқорлық қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;

3) эстетикалық тәрбиелеу оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін оқушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемдігін түсінуді дамытуға бағытталған.

3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

5. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру жалпы білім беретін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу ұйымдарында (бұдан әрі - жалпы білім беретін мектептер) жүзеге асырылады.

6. Тәрбие жұмысына басшылық жасау жалпы білім беретін мектептің басшылығы мен сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлерге жүктеледі.

7. Жалпы білім беретін мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға, оның ішінде мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға ынтықсыз қалыптастыруға, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізіледі.

8. Жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары құрылады.

9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

1) жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының тиісті оқу жылына арналған кешенді жоспары;

2) сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкердің тәрбие жұмыс жоспары;

3) «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары болып табылады.

10. Осы бағдарламаның 9-тармағында көрсетілген жоспарлар Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес қалыптастырылады (қоса тіркелген).

11. Жоспарларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстың, күнтізбелік іс-шаралар өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары көрсетілген.

12. Тәрбие жұмысын жүргізуде азаматтар, қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қатыса алады.

4. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары

13. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

14. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы дәрістерді, «дөңгелек үстелдерді» және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары мен іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады.

17. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы акциялар, флэш-мобтарды, диалог алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа да әлеуметтік-маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспары

1	2	3	4	5
I-бөлім. Ұйымдастыру-дайындық іс-шаралары				
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметін ұйымдастыру	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарын, әдетте, жалпы білім беру мектеп басшылығының, сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлердің қолдауымен негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балалар қалаптастырады	5-11 сыныптар оқушылары	Қыркүйек
2	Жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының тиісті оқу жылына арналған кешенді жоспарын; сыныпқа жетекшілік ететін	Жоспарларда іс-шаралардың атаулары, олардың орындалуына жауаптылары, қатысушылары, орындау мерзімдері болуы тиіс	1-11 сыныптар оқушылары	Қыркүйек

	педагогикалық қызметкерлердің тәрбие жұмыс жоспарларын; «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту			
3	Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын жасау	Бұрыштардың басты мақсаты азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу.	5-11 сыныптар оқушылары	Қыркүйек
4	Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына адамгершілік және құқықтық мәдениетті арттыру мәселелерін қосу	Ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу қажет	5-6 сыныптар оқушылары	Қыркүйек
		Патриотизм, отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, құқықтық негіздерді білу және құрметтеу сияқты жеке тұлғаның қасиеттерін дәріптеу ұсынылады. Осы жас тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті - құқықтық сананы қалыптастыру	5-8 сыныптар оқушылары	
		Жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істегенде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу жүйесінің басты міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымда қалыптастыру болуы тиіс.	9-11 сыныптар оқушылары	
5	Ата-аналар жиналысын өткізу	Жиналыс барысында құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтарға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа, төзбеу мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлі көрсету. Ата-аналарға балаларда құқықты, заңдарды, құқылық тәртіпті құрметтеуге тәрбиелеу бойынша практикалық ұсыныстар беру.	5-11 сыныптар оқушылары	Қыркүйек
II-бөлім. Күнтізбелік іс-шаралар кешенін іске асыру				
6	«Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас практикумы	Практикумды жүзеге асырудың негізгі нысаны пікірталас болады, оның барысында оқушыларға өз	9-11 сыныптар оқушылары	Қыркүйек

		<p>пікірін айту ұсынылады. Қатысушыларды 2 топқа бөлу ұсынылады. 1 тапсырма «Құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік» ұғымының мағынасын ашу. Неге «тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік» мәдениетін құру мұнша маңызды болып табылады? 2 тапсырма «Сыбайлас жемқорлық – қоғамның және мемлекеттің мемлекеттік қызметшіге артқан сенімін кетіру» пікірін негіздеу. Әр адам не істей алады? Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?</p>		
7	«Қазақстан - құқықтық мемлекет» айлығы	Еліміздің сайлау қағидаттарына сәйкес «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік-рөлдік ойыны	5-6 сыныптар оқушылары	Қазан
		«Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» мемлекеттік қызмет ардагерлері, мемлекеттік қызметшілермен кездесу	5-8 сыныптар оқушылары	
		«Біздің таңдауымыз - заңды мемлекет» дөңгелек үстелі Дөңгелек үстел барысында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарын, сондай-ақ біздің елімізде құқықтық мемлекеттің қалыптасу ерекшеліктерін талқылау ұсынылады	9-11 сыныптар оқушылары	
8	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасындағы сурет байқауы	Байқаудың негізгі идеясы - Мәңгілік Ел идеологиясының «түпқазық» жалпы азаматтық құндылықтарын кеңінен насихаттау өзекті. Бұл - баршаның заң алдындағы теңдігі, еңбексүйгіштік, адалдық.	5-6 сыныптар оқушылары	Қараша
9	«Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу» іскерлік ойыны	Іс-шараның басты мақсаты – мемлекеттің «сервистік алаң» екендігін көрсету. Бұл жағдайда негізгі идея мемлекеттік аппарат мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің барлық спектрін жоғары деңгейде толық және уақытылы көрсетуін күтуге құқылы салық төлеушілер арқылы қамтылады деген түсінік болуы тиіс. Топтық жұмыс, оқушылардың бір	5-8 сыныптар оқушылары	Желтоқсан

		тобы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің «дұрыс» көрсетуін түсіндіреді, яғни көрсетілетін қызметті беруші білікті, сыпайы және көрсетілетін қызмет алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, басқа топ «дұрыс емес» көрсетуін түсіндіреді: көрсетілетін қызметті беруші - дөрекі және біліксіз.		
10	«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма байқауы	Өскелең ұрпақтың арасында мемлекеттік қызметті елдің мақсаттары мен даму басымдығын іске асыруға, әрбір азаматтың мүддесі үшін адал қызмет ету және күнделікті қажеттілігін қанағаттандыруға бейімделген маңызды институт ретінде түсінуін тарату	5-8 сыныптар оқушылары	Наурыз
11	«Транспарентті және есеп беретін мемлекет» бейнероликтер байқауы	Байқаудың басты мақсаты – ашық және қоғамға есеп беретін мемлекетті қалыптастыруға бағытталған міндеттерді шешудегі Қазақстанның жетістіктерін көрсету	9-11 сыныптар оқушылары	Сәуір